

Сарыкөл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 128 "Сарыкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 16 наурыздағы № 322 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 наурызда № 9039 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Сарыкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Сарыкөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 128 шешімінің (2018 жылғы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7480 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Сарыкөл аудандық мәслихатының хатшысы

Д. Хайруллина

К. Базарбаева